

"Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 маусымдағы N 501 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың
2006 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын
мақұлдау туралы**

Азаматтық қоғам институттарын жеделдетіп дамыту үшін жағдай және азаматтық бастамаларды іске асыру мүмкіндіктерін жасау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) **м а қ ұ л д а н с ы н .**

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

" ____ "

N _____

Ж а р л ы ғ ы м е н

мақұлданған

**Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың
2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы**

Астана, 2006 жыл Мазмұны

К і р і с п е

1. Азаматтық қоғам ұғымы, оның функциялары мен құрылымы
 2. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарын дамыту
 3. Қазақстандағы азаматтық қоғамның перспективалық көрінісі
 4. Азаматтық қоғамды дамытудың негізгі қағидаттары
 5. Қазақстан Республикасында қоғамды дамыту тұжырымдамасын іске асырудың тетіктері мен жолдары
 - 5.1. Азаматтық қоғамның дамуын құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру
 - 5.2. Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары ынтымақтастығының тетіктерін нығайту
 - 5.3. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты тиімді іске асыруға арналған жағдайларды қамтамасыз ету
 - 5.4. Саяси-құқықтық және азаматтық мәдениетті қалыптастыру Адам құқықтарын қорғауға азаматтық қоғам институттарының қатысуы
 - 5.5. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту
 - 5.6. Еңбек қатынастарын үйлестіру
 - 5.7. Әлеуметтік саясатты жаңғырту
 - 5.8. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру
 - 5.9. Азаматтық қоғамның басқа институттарын дамыту
 - 5.10. Азаматтық қоғам институттарының халықаралық ынтымақтастығын дамыту
 6. Тұжырымдаманы іске асыру мерзімі мен кезеңдері
- Қорытынды

Кіріспе

Қазақстан серпінді, тұрмыс сапасының стандарттары жоғарғы қазіргі заманғы мемлекет ретінде адами әлеуетті, азаматтардың іскерлігін жандандыру, азаматтық қоғамды одан әрі қалыптастыру негізінде ғана дами алады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бастамашылық еткен Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасында азаматтық қоғамды одан әрі дамыту саяси жаңғырудың негізгі бағыттарының бірі ретінде белгіленген, бұл бағдарламалық құжаттарды дайындауда және іске асыруды көздейді.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі

іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпы ұлттық жоспарын орындаудың жүйелі кестесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысының қабылдануына байланысты әзірленген.

Бұл Тұжырымдамада қазіргі кезеңде Қазақстанда азаматтық қоғамды дамытудың негізгі үрдістері талданып, оның перспективалық көрінісі белгіленген, сондай-ақ азаматтық қоғамды дамытудың алдағы жылдарға арналған жолдары мен нақты тетіктері баяндалған.

Негізгі назар азаматтық қоғам институттарын жеделдетіп дамыту үшін жағдай және азаматтық бастамаларды іске асыру мүмкіндіктерін жасауға аударылған.

Тұжырымдама азаматтық қоғамды дамытудың түрлі аспектілері бойынша бағдарламалар әзірлеу үшін негіз болады.

1. Азаматтық қоғам ұғымы, оның функциялары мен құрылымы

Осы Тұжырымдамада өз құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қорғау, материалдық және рухани қажеттіліктердің кең ауқымын шешу мемлекеттік басқару мемлекеттік шешімдер қабылдау жүйесіне азаматтық қатысуды қамтамасыз ету мақсатында халықтың өзін-өзі ұйымдастыруына арналған жағдайлар қамтамасыз ету азаматтық қоғам деп түсініледі. Мынадай қоғамда қоғамдық процестердің басты әрекет етуші тұлғасы және субъектісі өзінің барлық қажеттіліктерінің, мүдделері мен құндылықтарының жүйесімен қоса адам болады.

Қоғам демократиялық дамудың белгілі бір сатысында ғана азаматтық қоғамға айналады және елдің экономикалық, саяси дамуына, халықтың әл-ауқатының, мәдениеті мен сана-сезімінің өсуіне қарай қалыптасады.

Азаматтық қоғамды дамытудың алғышарттары меншік нысандарының сан алуандығы кезінде азаматтардың экономикалық дербестігінің пайда болуы мен адами тұлға мәртебесінің өсуі болып табылады.

Азаматтық қоғам мемлекеттік билік (бұдан әрі - билік) пен азаматтық қоғамның арасындағы қатынас бұқаралық келісімі негізінде құрылатын демократиялық саяси жүйе жағдайында ғана жоғары даму деңгейіне жетеді. Азаматтық қоғамдағы рәсімдер билік қызметінің сапасын бағалаудың бұқаралық құқығына және қоғам мүддесінде билікке ықпал ету тетіктеріне негізделеді.

Азаматтық қоғам институттарына саяси партиялар, жергілікті қоғамдастықтар, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер, сондай-ақ қоғам үшін қызметтер көрсетудің кең ауқымы мен қызметтің әрқилы түрлерін іске асыратын және мемлекеттік емес қорлар,

коммерциялық емес мекемелер, заңды тұлғалардың одақтары (қауымдастықтары) және басқа ұйымдар түрінде құрылған үкіметтік емес ұйымдар жатады.

Өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратын Қазақстан Республикасының міндеті мынадай функцияларды жүзеге асыратын азаматтық қоғамды жан-жақты дамыту болып табылады:

азаматтық бастамаларды қолдау, дамыту және көтермелеу;
мүдделерді жақындастыру және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу негізінде адамдардың одақтарға, бірлестіктерге ерікті ықпалдасуы үшін жағдай жасау;
азаматтардың жалпы мемлекеттік және жергілікті проблемаларды шешуге қ а т ы с у ы н қ а м т а м а с ы з е т у ;

азаматтардың құқықтарын қорғау және халықтың түрлі топтарының мүдделерін і с к е а с ы р у ;

қоғамда адамзатқа ортақ нормаларды, құндылықтар мен имандылық негіздерін о р н ы қ т ы р у ;

адамның тәуелсіз өмір сүруін қамтамасыз ететін жемісті еңбек үшін жағдай жасау;
ә л е у м е т т і к қ ы з м е т т е р к ө р с е т у ;

биліктің, бизнестің және қоғамдық институттардың қатынастарын үйлестіру, қоғамдық келісім және әлеуметтік жанжалдардың алдын алу үшін жағдай жасау, әлеуметтік және өзге де жанжалдарды сындарлы диалог жолымен шешу;

мемлекеттік билік институттарына азаматтық бақылау және ықпал ету, мемлекеттік басқару жүйесіне азаматтардың қатысуын қамтамасыз ету;

мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіндегі ашықтық пен айқындылыққа ықпал е т у ;

БАҚ бостандығын және ақпараттық кеңістіктің ашықтығын қолдау.

2. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарын дамыту

Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасуы 1980-ші жылдардың аяғы мен 1990-шы жылдардың басына жатады. Сол тұста басталған экономикалық, саяси және әлеуметтік салалардағы түбегейлі реформалар түрлі әлеуметтік топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қоғамдық бірлестіктердің құрылуын ынталандырды.

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып экономиканың мемлекеттік емес секторы қызметкерлерінің мүдделерін білдірген тәуелсіз кәсіподақтар пайда болды.

Аталған кезең, сонымен қатар, елде саяси партиялардың құрылуымен және көп партиялылыққа көшумен сипатталады. Бұған екі саяси-құқықтық актінің қабылдануы жағдай жасады. Біріншіден, 1990 жылы КСРО халық депутаттарының екінші съезінде " кеңес қоғамының, оның саяси жүйесінің ядросы, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың басшылық және бағыттаушы күші Кеңес Одағының Коммунистік партиясы болып табылады. КОКП халық үшін жұмыс істейді және халыққа қызмет

етеді." деп айтылған КСРО Конституциясының 6-бабының алынып тасталуы. Екіншіден, 1991 жылғы 27 маусымда "Қазақ КСР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақ КСР-і Заңының қабылдануы.

Нәтижесінде "Алаш" партиясы, Қазақстанның социал-демократиялық партиясы (ҚСДП), Қазақстанның социалистік партиясы, "Қазақстанның Халық конгресі" партиясы, Қазақстанның республикалық партиясы, "Лад" республикалық славяндар қозғалысы және "Азат" Қазақстанның азаматтық қозғалысы, "Мемориал" қоғамдық-ағартушылық қоғамының филиалы, Алматының Хельсинки тобы, "Единство", "Әділет" тарихи-ағартушылық қоғамы, "Поколение" зейнеткерлер қозғалысы және басқалары пайда болды

1990-шы жылдардың басында бірқатар ұйымдардың бастамасы бойынша Әлеуметтік қорғау коалициясын құрудың табысты әрекеті жасалды, соның шеңберінде өткір қоғамдық проблемаларды талқылау, оларды шоғырланған негізде шешу тетіктерін іздестіру жолымен оларды еңсеру жөніндегі бірлескен жұмысты бастаған түрлі 28 ұйым, партиялар, қозғалыстар бірікті.

1990-шы жылдардың ортасына қарай қоғамдық құрылымдар қызметінің бейіндік бағыты айқын белгіленді.

Қазақстан Республикасының Президенті 1994 жылғы желтоқсанда әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік әріптестік жөнінде республикалық үшжақты комиссия құру туралы қаулыға қол қойды, бұл сындарлы үшжақты қатынастарды дамытудың және азаматтық қоғамның аса маңызды институттарының бірі - әлеуметтік серіктестік институтын құрудың бастауы болды.

1995 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының, 1996 жылы "Қоғамдық бірлестіктер туралы" және "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының қабылдануы партиялар мен қозғалыстардың құрылуы мен жұмыс істеуі және тиісінше, елдің партия жүйесінің одан әрі дамуы үшін құқықтық өріс құруға ықпал етті.

Бұл кезеңде Қазақстан халықтары Ассамблеясына біріккен ұлттық мәдени орталықтар белсенді дами бастады. Этносаралық келісім елде нарықтық реформаларды жүргізуді камтамасыз етуге мүмкіндік берген іргетасқа айналды.

Масс-медиа нарығында сапалық және сандық өзгерістер, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарын, полиграфиялық кәсіпорындарды жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алу, бұқаралық ақпарат құралдарын мемлекеттік қаржыландыру мен дотациялаудан мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге мемлекеттік тапсырыс беруге көшу жүргізілді.

1996 жылы "азаматтық қоғам мемлекетті оның әлеуметтік тұрақтылықты, азаматтық бейбітшілікті, этносаралық келісімді сақтау жөніндегі күш-жігерін қолдайды және сонымен қатар оның жүргізіп отырған саясатын түзетуді қолдайды" деп көрсетілетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестігін қалыптастыру

тұжырымдамасы

мақұлданды.

1990-шы жылдардың аяғы қоғамдық ұйымдардың нақты миссиясын таңдаумен, олардың қызметін кәсібилендірумен ерекшеленеді.

Бұдан басқа, ел Парламентінің 1998 жылғы 7 қазанда Қазақстан Республикасының Конституциясына республиканың сайлау жүйесіне "партиялық тізімдер" бойынша сайлау енгізуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуі партиялық құрылыс процесін жеделдетті. Мәселен, 1998 жылғы желтоқсаннан бастап 1999 жылғы тамызға дейін Қазақстанның Азаматтық партиясы (ҚАП), Қазақстанның Республикалық халықтық партиясы (ҚРХП), "Азамат" демократиялық партиясы, Қазақстанның Аграрлық партиясы (ҚАП), "Отан" Республикалық саяси партиясы, Қазақстан әйелдерінің демократиялық партиясы, Қазақстанның "Алаш" ұлттық партиясы құрылды. Парламентте партиялық фракциялар пайда болды.

2000 жылғы желтоқсанда қабылданған "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік серіктестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мемлекеттік саясат дәрежесіне атқарушы билік органдары өкілдерінің, жұмыс берушілер мен қызметкерлер бірлестіктері арасындағы мүдделер келісімін қамтамасыз етуді енгізді.

2002 жылғы шілдеде қабылданған және қолданысқа енген "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы елдің партиялық жүйесінде одан арғы құрылымдық өзгерістерге әкелді.

Бұл кезеңде мемлекет азаматтық қоғам институттарымен, атап айтқанда, үкіметтік емес ұйымдармен ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа әзірлігін айқын білдірді. 1999 жылдың өзінде-ақ іс жүзінде барлық өңірлерде облыстық әкімдіктер жанынан, басты міндеті өңірлік үкіметтік емес ұйымдармен өзара ықпалдасу, оларға консультативтік көмек, ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсету болған "ҮЕҰ-ның ақпараттық орталықтары" ашылды.

2000 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында үкіметтік емес ұйымдарды дамыту үшін жағдай жасау жөнінде Үкіметке алғашқы тапсырмалар берілді: "Үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар қазірдің өзінде Қазақстанда құқық қорғау қызметінде де, халық топтарының айрықша мүдделерін жүзеге асыруда да зор роль атқарып отыр... Елеулі мемлекеттік қолдау керек".

Бұдан кейін "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (2001 жыл), Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау тұжырымдамасы (2002 жылғы қаңтар) қабылданды, мұның алдында үкіметтік емес секторды дамыту және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде билік пен ҮЕҰ-ның әріптестік жүйесі сияқты екі тұжырымдама әзірленді.

2003 жылы Үкімет үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік қолдау көрсетудің 2003 - 2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекітті, оған сәйкес облыстық бағдарламалар әзірленді.

Сонымен қатар, 2003 жылы Бейбітшілік пен келісім конференциясы өткізіліп, оған

көптеген көрнекті дін қайраткерлері, түрлі конфессиялардың өкілдері қатысты, "Бейбітшілік пен келісімге жетейік" декларациясы қабылданып, Бейбітшілік пен тұрақтылық форумы тағайындалды. Осы кезеңде Қазақстанда конфессияаралық келісім сақтала отырып, 40-тан астам конфессияның діни қауымдарының қайта өркендеуі мен р у х а н и ө с у і б а й қ а л у д а .

Қазіргі кезде азаматтық институттарды дамыту үшін қоғам мүддесі үшін үкіметтік емес сектордың барлық деңгейдегі билік органдарымен неғұрлым тиімді өзара іс-қимыл жүйесін құру мен дамыту тән. Аталған кезеңді Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен I Азаматтық форум өткізілген 2003 жылғы қазаннан бастап санауға болады. Форумда белгіленген азаматтық қоғамды дамыту міндеттерін іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары қабылданды. "Билік - қоғам" серіктестігінің ұзақ мерзімді орнықты тетіктерін құру жөніндегі жұмыс басталды. Билік органдары мен ҮЕҰ-ның өзара қарым-қатынастарының қаржылық қолдауға негізделген қағидатты жаңа жүйесін ашатын "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы әзірленіп, 2005 жылғы сәуірде қабылданды. 2005 жылғы қыркүйектегі II Азаматтық форум бұл үрдісті нығайта түсті.

2004 жылы өткен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне депутаттар сайлау Қазақстанның "саяси алаңында" негізгі партиялық субъектілердің орналасуына е л е у л і т ү з е т у л е р е н г і з д і .

Тұтастай алғанда ахуалды талдай отырып, біздің елімізде билік пен азаматтық қоғам институттарының ынтымақтастығы үшін белгілі бір жағдайлар жасалған деп айтуға болады. Сонымен бірге олар азаматтар өмірі сапасының жоғары стандарттарына қол жеткізуге және қоғамда демократиялық құқықтар мен бостандықтарды іске асыруға жәрдемдесетін азаматтық қоғамның қазақстандық моделін қалыптастыруға жүйелі түрде келу негізінде одан әрі қарқынды дамуға тиіс.

3. Қазақстандағы азаматтық қоғамның перспективалық көрінісі

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын іске асыру мынадай нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс:

халықтың түрлі топтары мен жекелеген азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және мүдделерін қанағаттандыру;

азаматтық қоғам институттарының серпінді дамуы үшін қолайлы жағдайлар туғызу;

халықтың азаматтық белсенділік деңгейін арттыру;

қоғамның мемлекеттік билік қызметін тиімді бақылауын жүзеге асыру. Билік органдары мен азаматтық қоғам ұйымдарының арасындағы әріптестік қағидаттары негізінде ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыру;

жергілікті өзін-өзі басқарудың теңдестірілген жүйесін құру;

әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесін құру;
қоғам мен билік мүдделерінің келісімі жүйесін қалыптастыру.

Қабылданған шаралардың және елде жалпы мемлекеттік саясат жүргізудің нәтижесінде демократиялық мемлекеттің басты қағидаты - адам құқықтарын қамтамасыз ету жан-жақты іске асырылуға тиіс.

Билік пен қоғам сөз, дін, жиналыстар бостандығына, азаматтардың бірігуге құқығына бейілділігін мүлтіксіз қамтамасыз ететін болады.

Қоғамның жаңа сапалық жай-күйі оның өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін-өзі реттеуін көздейді. Қоғам жеке және қоғамдық мүдделердің оңтайлы, үйлесімді қабысуын қамтамасыз етуге негізделген индустриядан кейінгі азаматтық қоғамның осы заманғы жалпы демократиялық тұжырымдамасын басшылыққа алуға тиіс.

Елде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі енгізіліп, тиісті нормативтік құқықтық актілер қабылданатын болады.

Мемлекетте билік үшін міндетті шартты - азаматтық қоғам институттарымен кәсіптік-бейіндік негізде ынтымақтасуды орнықтыру көзделеді.

Қазақстанда еңбек қатынастары сапалық жаңа деңгейге көтеріледі. Кәсіпкерлерге еңбек заңнамасын бұзу тиімсіз болады. Экономикалық өсу қызметкерлердің еңбекақысының артуына әсер етеді. Елде биліктің, жұмыс игерушілер мен кәсіподақтардың әлеуметтік әріптестігі әлеуметтік-еңбек және онымен байланысты экономикалық қатынастардағы мүдделерді келісудің неғұрлым тиімді тетігіне айналады. Жұмыс істейтіндердің проблемаларын шешу, оларға әлеуметтік қызметтер ауқымын ұсыну мақсатында кәсіподақтар үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық жүйесін құрады.

Азаматтық институттардың күшімен мемлекеттік органдардың тапсырысы бойынша әлеуметтік мәні бар жобалар жүзеге асырылады, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін, бюджеттің атқарылуының мониторингі мен оны бағалаудың тәуелсіз рәсімдері жүргізілетін болады, мұның өзі тұтастай алғанда мемлекеттік басқару жүйесінің әрекеттілігін арттыру үшін қажет.

Билік пен азаматтық әріптестер әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет саласында, еңбек пен еңбекақы төлеуді ұйымдастыру, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өмір сапасының жоғары стандарттарына бағдарлануға тиіс.

Елдегі денсаулық сақтау жүйесі қазақстандықтардың денсаулық жай-күйі үшін адам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі негізінде құрылатын болады.

Мүмкіндігі шектеулі адамдар әлеуметтік қорғаудың жаңартылған мемлекеттік жүйесінің және заңнамалық базаны тұжырымдамалық жаңа тәсілдерде жасаудың негізінде олардың өз құқықтары мен мүмкіндіктерін іске асыруға арналған жағдайлармен қамтамасыз етіледі.

Елде саяси партиялардың рөлі нығаяды. Саяси партияларды дамыту үшін мемлекеттік қолдауды ұлғайтуға және Парламент пен мәслихаттардағы партиялық

фракциялардың рөлін күшейтуге бағытталған кешенді шаралар қабылданатын болады.

Дауларды шеше білу қабілеті қоғам дамуы деңгейінің маңызды өлшемдерінің бірі болып табылады. Сот практикасымен қатар, қоғамдық, жеке адамдар арасындағы даулар мен таластарды шешудің соттық емес тәсілдері әрекет ете бастайды.

4. Азаматтық қоғамды дамытудың негізгі қағидаттары

Азаматтық қоғамның ұсынылып отырған үлгісін құру мынадай қағидаттарға негізделеді:

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығын сақтау;
заңның үстемдігі, заң алдында бәрінің теңдігі;
Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік міндеттерді шешуге қатысуы;
елдегі демократиялық үдерістерге қатысу үшін азаматтардың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;
демократиялық мінез-құлық мәдениетінің басымдығы.

5. Тұжырымдаманы іске асырудың тетіктері мен жолдары

Тұжырымдаманы негізгі параметрлерде іске асырудың тетіктері мен жолдары мыналар болып табылады:

азаматтық қоғамды дамытуды құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру,
мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары ынтымақтастығының тетіктерін нығайту;

мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты тиімді іске асыруға арналған жағдайларды қамтамасыз ету;

халықтың саяси-құқықтық және азаматтық мәдениетін қалыптастыру, азаматтық қоғам институттарының адам құқықтарын қорғауға қатысуы;
жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту;
еңбек қатынастарын уйлестіру;
әлеуметтік саясатты жаңғырту;
бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру;
азаматтық қоғам институттарының халықаралық ынтымақтастығын дамыту.

5.1. Азаматтық қоғамның дамуын құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру

Осы бағыт шеңберінде ұсыныстар әзірлеуге және мемлекеттік шешімдерді іске асыруға азаматтық қоғам құрылымдарының қатысуын көздейтін шаралар қабылдау қажет.

Азаматтық қоғамды одан әрі дамытуға бағытталған, атап айтқанда, жергілікті

өзін-өзі басқару, меценаттықты және қайырымдылық қызметті дамыту, өңірлік әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияларын, бұқаралық ақпарат құралдарын құру мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу міндеті тұр.

5.2. Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары ынтымақтастығының тетіктерін нығайту

Бұл бағытта мынадай іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді:

1. Мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы одан арғы ынтымақтастық мақсатында Азаматтық форумдарды жүйелі түрде өткізіп тұру; Азаматтық форум мемлекеттің, бизнестің және азаматтық қоғамның арасындағы өзара іс-қимыл проблемаларын шешу үшін тиімді пікірлесу алаңына айналуға тиіс.
2. Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің жанынан биліктің заң шығарушы тармағы мен азаматтық институттар ынтымақтастығының нысаны ретінде заңнаманы жетілдіруге, құқықтық мәдениетті көтеруге, қоғамды демократияландыру процесін тереңдетуге бағытталған Қоғамдық сарапшылар палатасын құру.
3. Заң жобалары, мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламалар қалыптастыру бойынша жұмыс топтарын құру.
Мемлекеттік органдардың қызметтің өзекті бағыттары бойынша қоғамдық пікірді есепке алу тетігі ретінде әлеуметтік елеулі проблемалар бойынша қоғамдық тыңдауларды практикаға енгізу.
4. Әлеуметтік проблемаларды шешудің жаңа тетіктерін дамыту, өзін-өзі іске асыру мен өзін-өзі қамтамасыз ету үшін азаматтардың шығармашылық белсенділігінің жаңа нысандарын көтермелеу.
5. Азаматтық қоғам институттары мен жергілікті билік органдары ынтымақтастығының жүйесін жетілдіру.
6. Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) стандарттарына сәйкес, жұмыс берушілердің, қызметкерлер мен билік органдары арасындағы мүдделерді келісу тетігі ретінде еңбек қатынастары саласында тиімді әлеуметтік әріптестікті дамыту,
7. Мемлекеттік билік органдарының қызметін және азаматтардың құқықтары мен мүдделерін сақтау, бюджеттік үдерістердің ашықтығы мен айқындылығына байланысты олар қабылдайтын шешімдерді азаматтық бақылау тетіктерін әзірлеу. Атап айтқанда, мемлекеттік органдардың жұртшылық алдында жариялы есеп беруі моделін жасау.
8. Сектораралық ынтымақтастыққа бағытталған бағдарламаларды іске асыру мониторингін жүзеге асыратын, азаматтық қоғамның даму үдерісіне тиімді бақылау жүргізуге қабілетті ұлттық ақпараттық-талдау жүйесін жетілдіру.
9. Сектораралық өзара іс-қимылдың неғұрлым перспективалық нысандары мен әдістерін байқап көру және анықтау, мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару

органдары үшін жұмыстың тиімді тетіктерін қалыптастыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу

10. Түрлі деңгейдегі консультативтік-кеңесші органдардың (Қазақстан Республикасындағы демократиялық реформалар бағдарламаларын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы бұқаралық ақпарат құралдары (ақпараттық саясат) жөніндегі қоғамдық кеңес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі үйлестіру кеңесі және т.б.) тиімді жұмысынан көрінетін түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін үйлестіру тетіктерін одан әрі дамыту.

5.3. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты тиімді іске асыруға арналған жағдайларды қамтамасыз ету

"Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес билік органдары мен қоғамдық сектордың өзара іс-қимыл жасау жүйесін құру мынадай міндеттер ескеріле отырып, республикалық және өңірлік деңгейлерде жүзеге асырылуға тиіс:

билік органдары мен азаматтық қоғам институттары арасында әріптестік негізде қаржылық-шарттық қатынастарды дамыту;

ҮЕҰ-ның қатысуымен мақсатты топтар мен қызметтер алушыларға арналған тиісті пайдалылық индикаторларының көмегімен қоғамдық қажеттіліктерді зерделеу мен жобалар нәтижелерін бағалау негізінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру;

Қазақстанда әр түрлі әлеуметтік маңызы бар салаларда ұлттық іс-қимыл бағдарламаларын дайындау мен іске асыру жөніндегі Еуропа елдерінің тәжірибесін енгізу,

5.4. Саяси-құқықтық және азаматтық мәдениетті қалыптастыру. Адам құқықтарын қорғауға азаматтық қоғам институттарының қатысуы

Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясы қорқыныш пен мұқтаждықтан ада адамдық жеке тұлғаның идеалы, әркім өзінің экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық және саяси құқықтарын пайдалана алатын осындай жағдайлар кезінде жүзеге асырылуы мүмкін деп жариялайды.

Бұл міндеттерге қол жеткізу қызметтің мынадай бағыттарын жүзеге асыруды талап етеді:

азаматтық қоғам институттарының жұмысы арқылы адамның құқықтық санасын қалыптастыру;

елде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу және жалпы ұлттық проблемаларды шешуге азаматтардың толыққанды қатысуын қамтамасыз ету;
елде "Азаматтық қоғамға барар жолда" ақпараттық бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру;
қоғамда Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік нышандарға деген құрметті қалыптастыру;
жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарында құқық негіздерін оқыту практикасын жетілдіру;
қазақстандық қоғамда адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде құқық қорғаушы ҮЕҰ-дың рөлін көтеру;
құқықтық жүйені одан әрі ырықтандыру. Құқық қорғаушы ҮЕҰ-ды қылмыстық-атқару жүйесін ізгілендіруге бағытталған жобаларды әзірлеуге тарту, елде қоғамдық қорғаушы институтын дамытуды ынталандыру;
халықтың әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған топтарының құқықтарын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік бағдарланған жобаларды жүйелі түрде енгізу. ҮЕҰ-ды білім беру қызметтеріне қол жеткізу саласында мүгедектердің құқығын қорғауға бағытталған жобаларды әзірлеуге және еңбекпен қамту саласы мен еңбекке орналастыру саласында - әйелдер мен жастарды қоғамның қоғамдық-саяси өміріне қатысуға белсенді түрде тарту қажет;
халықтың адам құқықтары саласындағы жалпыға танылған стандарттары және олардың әрбір адам мен тұтастай қоғам үшін құндылықтары туралы хабардарлығының жоғары деңгейіне қол жеткізу. Бұл тиісті мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық қоғам институттарының бірлескен ақпараттық науқандарын іске асырумен қамтамасыз етілуге тиіс;
елде жанжалдарды соттан тыс шешу тетіктерін, дауларды келіссөздер, аралық, келістіру соттары, араағайындық институты арқылы сотқа дейін реттеу практикасын белсенді түрде енгізу.

5.5. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі азаматтық қоғамның базалық элементтерінің бірі болып табылады. Қазақстан экономикалық тұрақтылыққа және орнықты экономикалық өсуге қол жеткізгеннен кейін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту "Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауға негіз болатын нақты және қажетті қадамға айналады, онда мыналар бекітілуі тиіс:

жергілікті өзін-өзі басқаруды құру тәртібі;
жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық мәртебесі;
жергілікті қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;

жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мемлекеттік органдармен өзара іс - қимылы ;

жергілікті өзін-өзі басқару органдарын қаржылық, оның ішінде мемлекет бюджетінен қамтамасыз ету;

жергілікті өзін-өзі басқару құралдарын бақылау тетіктері;
жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату;
жекелеген мемлекеттік қызметтерді тиісті бюджеттік қамтамасыз етумен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына беру.

Жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасының Заңын қабылдаумен қатар Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған мемлекеттік бағдарлама әзірлеу қажет.

5.6. Еңбек қатынастарын үйлестіру

Еңбек қатынастарын үйлестіру үшін мыналар талап етіледі:

1) әлеуметтік мемлекет қағидаттарына сәйкес келетін, қызметкерлер мен жұмыс берушілер мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізуге бағытталған, кәсіпорындарда және әртүрлі меншік нысандарының ұйымдарында еңбек қатынастарын реттеуге негіз болатын және кәсіподақтардың еңбек қатынастарындағы орны мен рөлін айқындайтын еңбек заңнамасын жетілдіру;

2) кәсіподақтардың адам құқығын қорғау жөніндегі тиімділігін төмендететін кәсіподақ қозғалысының бытыраңқылығын болдырмау;

3) ықтимал жанжалдар мен еңбек дауларын алдын алу мақсатында жеке меншік иелері мен кәсіподақтар арасында тиімді өзара іс-қимылды жолға қою;

4) еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі ауыртпалық орталығын кәсіпорын деңгейіне ауыстыру, жұмыс берушілер мен қызметкерлер өкілдерінің арасындағы ұжымдық шарттар шеңберінде тиімді келіссөз үрдісін қамтамасыз ету тетіктерін енгізу;

5) Қызметкерлердің мүдделеріне, қажеттіліктеріне қызмет көрсету мақсатында кәсіподақтардың үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылын кеңейту.

5.7. Әлеуметтік саясатты жаңғырту

Әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыру билік пен азаматтық қоғамның ортақ міндеті болып табылады. Әлеуметтік бағдарланған мемлекет құру, халықтың материалдық әл-ауқатын жақсарту, азаматтардың Конституциямен кепілдік берілген әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін және сонымен бір мезгілде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асыру үшін бағдарлық қызмет атқаруы тиіс мемлекеттік нормалар мен нормативтерді белгілейтін

Өмір сапасының ұлттық стандартын әзірлеу және практикаға енгізу жөніндегі күш - жігерді қолдану қажет.

Ұлттық стандарт мынадай бөлімдерді қамтуы тиіс: еңбекақы төлеу, зейнеткерлік қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандыру мен халыққа әлеуметтік қызмет көрсету, медициналық қызмет көрсетулер стандарты, тұтыну себеті, білім беру қызметтерінің стандарты, отбасын әлеуметтік қолдау, стандарттары, азаматтың жалпы және ақпараттық мәдениетінің стандарттары, экологиялық мәдениет стандарттары, халықты тұрғын үймен, коммуналдық және тұрмыстық қызметтермен қамтамасыз ету стандарттары және басқалары.

Тәуелсіздік жылдары жинақталған ресурстық әлеует, бюджет мүмкіндіктері мен республика экономикасындағы оң үрдістер базасында ТМД-ның басқа елдерімен салыстырғанда Қазақстанның Өмір сапасының ұлттық стандартының бүкіл жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізудің нақты мүмкіндігі бар.

Бұл салада ҮЕҰ әлеуетін пайдалана отырып, осы саладағы проблемаларды шешудің мынадай тетіктері көзделді:

- 1) әлеуметтік көмек бағдарламаларын орындауда ҮЕҰ рөлін арттыру;
- 2) жергілікті проблемаларды шешуге қабілетті ҮЕҰ-ның дамуы үшін оңтайлы жағдайлар жасау,
- 3) Қазақстанда волонтерлік институтты жан-жақты дамыту;
- 4) мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды қоғамдық бақылау тетіктерін әзірлеу.

5.8. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру үкіметтік емес ұйымдар жүзеге асыратын әлеуметтік мәні бар жобаларды дамыту мен бірге қаржыландыру, лайықты еңбекақыны уақытылы төлеу, еңбекті сақтау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жалдамалы жұмысшыларға әлеуметтік қолдауды жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауды көздейді.

Азаматтық қоғам институттары өңірлерде халықтың әлеуметтік, экономикалық және мәдени мақсаттары үшін алынған табысты қайта инвестициялайтын тұрақты бизнес-құрылымдар ретінде өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын (ӘКК) құруға жан-жақты жағдай жасайды.

Әлеуметтік жауапкершілікті көтеру мәселелерінде кәсіпкерлер үшін дәлел өздерінің қызметіне қолайлы, әлеуметтік қауіпсіз ортаны қалыптастыруға қатысу мүмкіндігі болуға тиіс.

Осы мақсатта мынадай іс-шараларды іске асыру мүддеге сай келеді:

- 1) бизнестің корпоративтік жауапкершілік хартиясын қабылдау мүмкіндігін қарау;
- 2) жебеушілік пен қайырымдылық қызметі үшін заңнамалық негіздер құру.

5.9. Азаматтық қоғамның басқа институттарын дамыту

Саяси партиялар, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, отбасы, маңызды азаматтық қоғам институттарын дамыту мәселелері олардың ерекшелігін ескере отырып, гендерлік теңдік мәселелері сияқты тиісті мамандандырылған нормативтік құқықтық актілерде анағұрлым кеңінен қарастырылады.

5.10. Азаматтық қоғам институттарының халықаралық ынтымақтастығын дамыту

Әлемде соңғы онжылдықта әртүрлі елдердің азаматтық қоғам институттары арасындағы ынтымақтастығының тұрақты үрдісі қалыптасты. Оның мақсаты әртүрлі қауіпсіздік, адам құқықтарын қорғау, экономикалық және әлеуметтік даму, кедейшілікті еңсеру, қоршаған ортаны қорғау, білім беру, ғылым, мәдениет, жедел гуманитарлық және техникалық көмек көрсету, бітімгершілік салаларындағы уақыт сынына тиімді жауап болып табылады. Бірлескен бағдарламалар мен іс-қимыл тұғырнамаларын пысықтау жүргізілуде.

Бұл салада халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін мыналар көзделді: қазақстандық азаматтық қоғам институттарының халықаралық қоғамдастыққа ықпалдастығын жалғастыру, мұның өзі оларға қоғамдық дамудың әлемдік үрдістерін қадағалап отыруға, маңызды ақпарат, Қазақстанның жағдайына бейімделу үшін шетелдік тәжірибе алуға және елімізді әлемге белсенді танытуға мүмкіндік береді;

ұлттық мүдделер шеңберінде әлеуметтік, мәдени, білім беру және басқа жобаларды жүзеге асыру үшін халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту;

электронды БАҚ-та, және бірінші кезекте Интернетте таныту арқылы Қазақстандағы "үшінші сектор" туралы ақпарат деңгейін кеңейту және елімізді шетелде осы көзқарас тұрғысынан таныту;

Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық бағыттағы нысаналы бағдарламаларды Орталық Азияда іске асыруға бағдарланған өңірлік үкіметтік емес ұйымдар құруды ынталандыру.

6. Тұжырымдаманы іске асыру мерзімі мен кезеңдері

Азаматтық қоғамды дамыту жөнінде ұсынылып отырған шаралар кешенін жүзеге асыру 2006-2011 жылдарға есептелген және мынадай кезеңдерден өтуді көздейді:

Бірінші кезең - 2006-2008 жылдар. Заңнамалық жұмыстар кешені жүзеге асырылады. Мемлекеттік органдардың, бизнестің және азаматтық қоғам институттарының ынтымақтастық тетіктері нығайтылады. Азаматтық форум мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам арасындағы тиімді, тұрақты әрекет ететін үндесу алаңына айналады.

Мемлекеттік, салалық, аумақтық бағдарламаларды қалыптастыру жөніндегі заң жобалары бойынша жұмыс топтары құрылуда, әлеуметтік мәнді проблемалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

"Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде билік пен ҮЕҰ ынтымақтастығының жүйесі түзіледі. "Азаматтық қоғамға барар жолда" ақпараттық бағдарламасы іске асырылады.

Азаматтық қоғам институттарының дамуы үшін мемлекет жасаған қолайлы жағдайлар және олардың қызметіне деген өсіп келе жатқан қоғамдық қажеттіліктер азаматтардың бастамасын жандандыруға тиіс. Оның нәтижесі қоғамдық ұйымдар санының күрт өсуі болады.

Екінші кезең - 2009-2010 жылдар. Көзделген шараларды іске асыру нәтижесінде азаматтық қоғам институттарын дамытуда сапалық өсуге қол жеткізіледі. Азаматтық қоғам институттарындағы жұмыс арқылы халықтың құқықтық санасы қалыптасады. Азаматтық қоғамның нормалары мен құндылықтары қоғамдық санада орнығып, күнделікті практикаға кіреді. Қазақстанда ұлттық іс-қимыл бағдарламаларын түрлі салаларда қалыптастыру жөніндегі дамыған елдердің тәжірибесі енгізіледі.

Еңбек қатынастары саласында әлеуметтік әріптестікті дамыту қазақстандық қызметкерлердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Қайырымдылық пен меценаттық мәдениеті мен оның тетіктері қалыптасады. Азаматтық бастамаларға қолдау көрсетудің жергілікті қорлары құрылады.

Билік, бизнес-құрылымдар, ҮЕҰ өкілдерін қамтитын комиссиялар шеңберінде өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамыту жобаларын бірлесіп әзірлеу бастамалары көтеріледі.

ҮЕҰ-н білім беру қызметтеріне қол жеткізу саласы мен қоғамның қоғамдық-саяси өміріне қатысуда - мүгедектердің, еңбекпен қамту саласы мен еңбекке орналасу кезінде әйелдердің құқықтарын қорғауға бағытталған жобаларды әзірлеуге белсене тартылады. Елде азаматтық қоғамды дамытудың жоғары баспалдағы ретінде волонтерлік институты дамиды.

Мемлекеттік билік органдарының қызметі және азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, бюджеттер мен бюджеттік процестердің ашықтығы мен айқындығына байланысты олар қабылдайтын шешімдерді азаматтық бақылау тетіктері беки түседі. Билік құрылымдарының жұртшылық алдында ашық түрде есеп беру моделі бекітіледі.

Елде жанжалдарды соттан тыс шешу тетіктері, дауларды келіссөздер, аралық соттар арқылы сотқа дейін реттеу практикасы белсенді түрде енгізіледі.

Қазақстандық азаматтық қоғам институттарының коммерциялық емес ұйымдардың халықаралық қоғамдастығына ықпалдасуы жалғасады, бұл оларға қоғамдық дамудың әлемдік үрдістерін қадағалап отыруға, қажетті ақпарат, Қазақстанның жағдайына бейімделу үшін шетелдік тәжірибе алуға және елімізді әлемге белсенді танытуға

м ү м к і н д і к

б е р е д і .

Үшінші кезең - 2011 жыл. Азаматтық қоғам институттарын дамыту жүйелі сипатқа ие болады. Бизнес пен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын оңтайландыру үшін олардың қатынастарына түзету өзгерістері енгізіледі. Азаматтық қоғамды дамыту проблемалары бойынша жыл сайынғы баяндамалар жарияланып, жыл сайынғы т ы ң д а у л а р ө т к і з і л е д і .

Азаматтық қоғамның дамуы қоғамдық қажеттіліктердің өзгерістеріне, әлемдік даму үрдістеріне және "уақыт сынына" негізделетін перманенттік процесті танытады.

Қорытынды

Азаматтық қоғамды билікпен әріптестік негізінде дамыту құқықтық, демократиялық және әлеуметтік мемлекет құру үшін қажет. Қоғам тарапынан белсенді қатысусыз әлеуметтік ілгерілеу, демократиялық даму, экономикалық өрлеу қиынға с о ғ а д ы .

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, дәл осы қоғамдық қатысу әлеуметтік саясатты іске асырудан мемлекеттік басқару саласына дейінгі көптеген салаларда үлкен тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мемлекет пен қоғам қатынастарының мәселесіне деген жаңа көзқарас дәл осыған бағдарланған. Осылайша, осы аталған көзқарастың бейімделуі, ол үшін заңнамалық, институционалдық, кадрлық және өзге де базаны әзірлеу бүгінде Қазақстанның саяси дамуының негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.